

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 3 «Ә» сынып оқушыларымен 2022-2023 оқу жылының жыл бойы жүргізілген тәрбие жұмысы туралы

Талдау

2022-2023 оқу жылын 3 «Ә» сыныбымен бастадым. Жылдың басында 3 «Ә» сыныбында 19 оқушы болды. 19 оқушының 7-ы қыз, 12-і ұл бала болды. Осы оқушылардың ақыл-ойына, дене бітіміне, эстетикалық талғамына, айналадағы өмірге көзқарасына зерттеу жүргізіліп, тәрбиелік шаралар жұмысы айқындалды. Кешенді тәрбие беру бағдарламасының бағыттары бойынша жұмыс жоспарланды. Оқушы бойында отансүйгіштік, еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту, елін, жерін сүю, Отанына адал болу, барды бағалай алуға үйрету мақсатында «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты алғашқы оқу жылының алғашқы тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие бағыттарына сәйкес «Ана тілі-ұлт болашағы», «Еңбектің наны тәтті», «Адамгершілік - асыл қасиет», Күз-береке, күз-мереке», «Ұстаз өнегесі кейінгі тәрбие», «Бүгінгі Қазақстан-сенің жетістігің», «»Кұстар біздің досымыз», «Имандылық пен адамгершілік, «Жақсылықтан жақсылыққа», «Бос уақыт босқа кетпесін» тақырыбында тәрбие сағаттары, М. Әуезовтың 125 жылдығына, Р. Бағланованың 100 жылдығына, Д. Қонаевтың 110жылдығына танымдық сабақтар өткізілді. Республика күніне орай тәрбие сағатында оқушылар Отан туралы өлеңдер оқып, «Менің арманым» тақырыбында эссе жазып, ой бөлісті. Аталған тақырыптардағы тәрбие жұмыстары оқушы бойында өздеріне сенімділік қасиеттері мен ойларын дәлелдей алу, өз бетінше ізденуге ұмтылу, бағыт-бағдарларын анықтау тәрізді түйсіктерін оята алды.

«Бала тәрбиесі - ортақ іс», «Ата-ана мақтанышы-бала» тақырыбында ата аналармен жиналыс өтті. Мақсаты: ата - ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту, ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру, баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту. Жиналыс психологиялық тестпен басталды. Топқа бөлініп, қазіргі бала, ата-ана, ұстаз қандай болу керектігі туралы ойларын білдірді. Бала тәрбиесі туралы өз тәжірибелерімен бөлісті.

Оқушылар жалпы сынып бойынша мектепшілік іс- шараларға және түрлі спорттық ойындарға қатысып, өздерін көрсете білді. Мектебімізде өткен бастауыш сыныптар аралығында " Тәуелсіздік -тұғырым" мәнерлеп оқу байқауында Дарханұлы Иршад өлеңді мәнерлеп оқып, бас жүлдеге ие болды. " Тәуелсіздік -тұғырым" атты мектепшілік сурет байқауында Нұржанов Ақзат 3 орын, Оразов Али-Мансур 2-орын иеленді.

Республикалық "Абайтану" олимпиадасы "Өлең сөздің патшасы-сөз сарасы" номинациясы бойынша 1орын алған оқушылар: Асылхан Арсен, Достан Инабат, Кәрімбай Раяна. 2-орын алған оқушылар: Түгелбаев Ахмет, Қуандық Бекназар, Зарлықов Әділет, Жәнібекова Нұрбибі, Дарханұлы Иршад.

Республикалық "Абай оқулары" байқауынан 1 орынмен марапатталды. Нұржанов Ақзат Республикалық "Шексіз шығармашылық" 3 орын иеленді.

Республикалық " Мұқағали оқулары" байқауынан Зарлықов Әділет, Кәрімбай Раяна, Дарханұлы Иршад, Қуандық Бекназар 2 орынмен марапатталды. Сынып жетекшісі "Мұқағали оқулары" конкурсына жеңімпаз тәрбиелеп, белсенділік танытқаны үшін "Алғыс хат"пен марапатталды.

Сонымен қатар Зарлықов Әділет "Математика - ғажайып әлем" математикалық олимпиадада аудандық 2 орын, "Спорт - денсаулық кепілі" эстафеталық сайыс ББЖСМ аудандық 1 орын, "Алтын сақа" математикалық олимпиада мектепшілік 1 орын, аудандық 2 орын, "Қ.Сәтбаевтың туғанына 125 жыл" футбол жарысы ББЖСМ аудандық 3 орын алды.

Игілікова Айым Республикалық Ақбота зияткерлік олимпиадасы 2 орын және Республикалық Кенгуру-математика барлығы үшін 3 орын, "Бастауыш олимпиадасы" атты Ү Республикалық пәндік олимпиадасының ағылшын тілі пәні бойынша 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.

"Бастауыш олимпиадасы" атты Ү Республикалық пәндік олимпиадасының математика пәні бойынша 1 дәрежелі дипломмен Ернарқызы Раяна, Түгелбаев Ахмет, Атчыбаев Бекарыс, Үмбетұлы Жанасыл, Дарханұлы Иршад, Зарлықов Әділет, Достан Инабат марапатталды.

Игілікова Айым Республикалық www.intolimp.kz интернет олимпиада сайты оқушылар арасында "Ағылшын тілі" пәнінен өткізген олимпиадасында 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.


Ернарқызы Раяна Республикалық "Бояулар құпиясы" жас суретшілер байқауына қатысып, жүлделі 1 орын иеленді

Тәрбиелік жоспар бойынша оқушыларды елімізде болып жатқан елеулі оқиғалар туралы ақпараттармен таныстырып, оқушыларға патриоттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттер, адами құндылықтар жайлы және еліміздің рәміздерін қорғауға, ұлттық салт-дәстүрді ұмытпауға, қоршаған ортаны сақтауға тәрбиелеу мақсатында бекітілген сынып сағаттары толық өткізілді.

Жыл соңында 3 «Ә» сыныбы 19 оқушымен оқу жылын аяқтады.

2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстардың нәтижесі осындай болды. Осы оқу жылында жіберілген кемшіліктер алдағы уақытта жою мақсатында жұмыс жасаймын деп жоспарлаудамын.

Сынып жетекшісі:



Б.И.Суйесинова